**Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қазандағы N 1063 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

**Жоба**

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы**

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес және өзінің тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген оралмандар отбасыларының қоныс аударуы мен жайластырылуын ұйымдастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы 10000 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

1) көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде көшіріп алуды жүзеге асырсын;

2) бір ай мерзімде аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып, оралмандарды орналастыру схемасын әзірлесін;

3) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің

2003 жылғы 20 қазандағы N 1063 Жарлығына қосымша

## Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы (отбасы)

| Облыстардың атауы | Иран Ислам Республикасы | Пәкстан Ислам Республикасы | Ауғанстан | Қытай Халық Республикасы | Монғолия | Түрік Республикасы | Ресей Федерациясы | Түркіменстан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақмола | | | | 65 | 100 | | 105 | 5 |
| Ақтөбе | | | | | | | 25 | 75 |
| Алматы | | | | 325 | 70 | 30 | 15 | 5 |
| Атырау | | | | | | | 20 | 20 |
| Шығыс Қазақстан | | | | 200 | 80 | | 15 | 2 |
| Жамбыл | | | | 5 | | | 10 | 30 |
| Батыс Қазақстан | | | | | | | 300 | 5 |
| Қарағанды | | | | 50 | 90 | | | 5 |
| Қызылорда | | | | | | | | |
| Қостанай | | | | | 90 | | 300 | |
| Маңғыстау | 40 | | | 1 | | | 5 | 609 |
| Павлодар | | | | | 100 | | 250 | |
| Солтүстік Қазақстан | | | | | 80 | | 380 | |
| Оңтүстік Қазақстан | | 20 | 50 | | | 10 | | 20 |
| Астана қаласы | | | | 10 | 5 | | 10 | 5 |
| Алматы қаласы | | | | 10 | 5 | 10 | 5 | 5 |
| Жиыны | 40 | 20 | 50 | 666 | 620 | 50 | 1445 | 781 |

кестенің жалғасы

| Облыстардың атауы | Өзбекстан | Қырғызстан | ТМД-ның басқа Республикалары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|

| | | | | елдері |
|---|---|---|---|---|
| Ақмола | 528 | 5 | 2 | 810 |
| Ақтөбе | 580 | | | 680 |
| Алматы | 205 | 5 | | 655 |
| Атырау | 340 | | | 380 |
| Шығыс Қазақстан | 165 | 5 | 3 | 470 |
| Жамбыл | 510 | 40 | 5 | 600 |
| Батыс Қазақстан | 390 | 5 | | 700 |
| Қарағанды | 532 | 5 | | 682 |
| Қызылорда | 400 | | | 400 |
| Қостанай | 300 | | 10 | 700 |
| Маңғыстау | 395 | | | 1050 |
| Павлодар | 400 | | | 750 |
| Солтүстік Қазақстан | 287 | 3 | | 750 |
| Оңтүстік Қазақстан | 1148 | | 10 | 1258 |
| Астана қаласы | 23 | 5 | 2 | 60 |
| Алматы қаласы | 13 | 5 | 2 | 55 |
| Жиыны | 6216 | 78 | 34 | 10000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК